

"Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге және тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына облыстық бюджет қаражаттары есебінен кредит берудің және қарыз алушы банктер ретінде екінші деңгейдегі банктерді анықтаудың шарттарын бекіту туралы" 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 73 қаулыға өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысының әкімдігінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы N 344 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2007 жылғы 13 желтоқсанда N 2462 тіркелді. Күші жойылды - ШҚ облысы әкімдігінің 2010 жылғы 21 қазандағы N 589 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ШҚ облысы әкімдігінің 2010.10.21 N 589 қаулысымен .

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 4-тармағына сәйкес, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге және тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарына облыстық бюджет қаражаттары есебінен кредит берудің және қарыз алушы банктер ретінде екінші деңгейдегі банктерді анықтаудың шарттарын бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 73 қаулысына (тіркеу нөмірі 2445, "Дидар" газетінің 2007 жылғы 5 мамырдағы N 46-47 (15798) сандарында, "Рудный Алтай" газетінің 2007 жылғы 5 мамырдағы N 66 (18304) санында жарияланған) мынадай өзгеріс е н г і з і л с і н :

аталған қаулының 4-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

- "4. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі".
2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

міндетін атқарушы

О б л ы с ә к і м і н і ң